



Қазақстан Республикасының аумағында лотереяларды (мемлекеттіктен басқа) ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі қызметті лицензиялауға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 31 қазан N 1325. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.07.08. N 939 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Қаулы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.07.08. N 939
қаулысымен. Р 9 9 0 9 3 9 _

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995

жылғы 17 сәуірдегі N 2200

Z952200_

Заң күші бар Жарлығын орындау үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының аумағында лотереяларды (мемлекеттіктен басқа) ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі қызметті лицензиялауға қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.
2. Лицензиялық қызмет субъектілеріне берілетін лицензия түрлерін лицензиялық қызметтің көлеміне, оның іс-қимыл жасау уақыты мен аумағына қарай лицензиар айқындайды деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 31 қазандағы
N 1325 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының аумағында лотереяларды
(мемлекеттік емес) ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі қызметті
лицензиялауға қойылатын біліктілік талаптары

Лицензиялық қызмет субъектілеріне қойылатын біліктілік талаптары:

1. Лотереяны ұйымдастырушының соңғы жылдағы қаржылық жай-күйін растайтын аудиторлық қорытындының болуы.

2. Лотереяны ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі шарттардың болуы.

3. Лотереяны ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі нұсқаулық және әдістемелік материалдардың болуы.

4. Таралымды өткізу жөніндегі шарттардың (таралымдық және бір сәттік лотереялар үшін) болуы.

5. Лотереяны ұйымдастыру мен өткізу үшін қажетті өзінің немесе жалға алған материалдық-техникалық базаның болуы:

лотереяны өткізетін заңды тұлғаның офисіне арналған үй-жай;

лотерея билеттерін сақтауға арналған үй-жай;

лотерея билеттерін сатуға арналған мамандандырылған үй-жай;

ұтыс заттарын сақтауға арналған үй-жай;

6. Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында міндетті түрде лицензияланатын қызметтің түрі - Лотереяны ұйымдастыру мен өткізу туралы жазба болуға тиіс.

7. Заңды тұлғаның лауазым иелері сотталмаған болуға тиіс.